

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Б. М. Кадырова¹, Н. Б. Агалиева², Р. О. Жуманбаева³**

^{1,3}Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақ тіліндегі әскери терминдердің лингвистикалық сипаты қарастырылған. Терминологияның басқа салаларына қарағанда құрамы мен құрылымының өзіндік ерекшелігі бар әскери терминология қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Әскери терминдер – лингвистикалық тұрғыдан арнайы ұғымдарды дәл білдіру үшін және әскери білім-ғылым саласында қолданылатын арнайы тілдік қолданыстар. Қазақ лексикасының көлемді бір саласын қамтитын әскери терминдерді зерттеп, тілдік тұрғыдан ғылыми тұжырымдар жасау қажет. Себебі әскери терминдер қазақ лексикасының үнемі толығып отыратын көлемді бір саласы екені белгілі.

Мақалада қазақ әскери терминдерінің зерттелу тарихына шолу жасалады. Он тоғызыншы ғасырдан бастап жариялана бастаған алғашқы сөздіктер мен ілгері-кейінді жазылған ғылыми зерттеулердің әскери терминология саласын қалыптастырудағы үлесі сараланады.

Қазақ тіліндегі әскери терминдер құрылымдық-семантикалық тұрғыдан талданып, құрылымы бойынша әскери терминдердің бір компонентті және көп компонентті болып бөлінетіні, көп компонентті терминдердің саны бір компонентті терминдердің санынан көп екені ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып, мысалдар арқылы дәлелденеді.

Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасамы қарастырылып, әскери терминдердің терминжасамның түрлі тәсілдері негізінде үздіксіз дамып келе жатқаны және әскери терминдердің жасалуында синтаксистік әдістің активтілігі анықталады.

Кілтті сөздер: әскери терминдердің зерттелуі, әскери термин, әскери терминдердің құрылымы, әскери терминология, терминжасам

Кіріспе

Лексиканың көлемді бір саласы – әскери терминдер. Әлемдік саяси аренадағы жағдайдың күрделенуіне, мемлекеттер арасындағы айқын және жасырын қақтығыстарға байланысты бұл саланың сөздік қоры күннен күнге толығуда. Әлеуметтік-саяси факторлар мен ғылыми-техникалық прогресс ерте заманнан бар және олардың көпшілігі қазіргі кезеңде де актив қолданылып келе жатқан әскери лексика арқылы осы саланың терминологиялық жүйесін қалыптастыруда.

Терминологияның басқа салаларына қарағанда құрамы мен құрылымдық ерекшелігі бар әскери терминология қазіргі қазақ лингвистикасындағы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Тәуелсіз елімізді қорғайтын әскеріміз егемендігімізді күзетіп тұрған үлкен күш екені белгілі. Сондықтан ұлттық армияның қатынас құралы болып табылатын мемлекеттік тілді дамыту үшін әскери терминдер мәселесін зерделеу қажет.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланы жазу барысында әскери терминологияны нысан еткен зерттеулерді негізге ала отырып, ғылыми сараптаулар мен қорытындылар жасалды. Әскери терминдердің сөзжасамдық сипаты мен лексика-грамматикалық ерекшеліктері туралы тұжырымдар жасауда лингвистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Ғылыми тұжырымдар жасау үшін әскери терминдер әр жылдары шыққан әскери терминдер сөздігінен, түрлі зерттеулер мен бұқаралық ақпарат құралдарынан алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Түркі тілдеріндегі әскери лексиканы зерттеу тарихы тым әріден басталмайды. Өзбек, қазақ, түрікмен, азербайжан сияқты түркі халықтарының тілдеріндегі әскери лексиканы зерттеген біраз монографиялар бар. Зерттеулерді сараласақ, әскери лексикаға арналған сөздіктер бертін XIX ғасырдан бастап қана шыға бастаған. Алғашқы сөздіктер қатарында 1939, 1955 жылдары «Әскери терминдер» деген атпен Стамбулда басылып шыққан сөздіктерді айтуымызға болады [1]. Өзге тілден аударылған аударма сөздіктер де болған. Бұған Л. П. Бочкаревтің Мәскеуден 1956 жылы шығарған түрікше-орысша әскери сөздігін айтамыз [2]. Дәл осы тақырыптағы түрікше-орысша әскери сөздікті араға он шақты жыл салып 1969 жылы Мәскеуден Б. М. Хохлов та шығарған [3].

Орыс тіл білімінде түркі халықтарының әскери ұйымдары мен әскери терминдері жайлы тереңірек зерттеген ғалым ретінде В. А. Гордлевский аталады. Оның ғылыми зерттеуінің үлкен бір тарауы оғыз тайпаларына арналғанымен, ол зерттеген көптеген әскери терминдер жалпы түркі халықтарына тән болып келеді. Ол әскери жорықтарды, соғыс тактикасын, әскер құрамын т.б. егжей-тегжейлі сипаттайды. Еңбектен әскери лексикаға

жатаатын *сақшы, қарауыл, найза, қылыш* сөздерін кездестіруге болады. Зерттеуге алынатын әскери лексиканы халық ауыз шығармашылығы мен жазбаша ескерткіштерден, еуропалық саяхатшылар еңбектерінен келтірген. Автор көптеген терминдердің этимологиясы жайлы да ақпарат берген [4].

Т. Б. Байжановтың «Қазақ тіліндегі әскери лексика» (1973) еңбегінде жекелеген атауларға тарихи-этимологиялық талдау жасалады. Зерттеуші қазақ тіліне қытай тілінен енген әскери лексикаға назар аударады. Олардың қазақ лексикасына енуінің тарихи себептеріне тоқталады [5]. Зерттеуші осы тақырыпта кандидаттық және докторлық диссертация қорғаған. Т. Б. Байжановты қазақ тіліндегі әскери лексиканың тарихын терең зерделеген ғалым ретінде тануға болады. Зерттеуші әскери терминдерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай төртке бөледі:

- 1) жауынгерлік қару-жарақ пен құрал саймандардың атаулары;
- 2) әскери шен атаулары;
- 3) әскери бөлім (құрама) атаулары;
- 4) әскери техника атаулары [6].

Кейбір зерттеулерде әскери лексика мағыналық тұрғыдан үш топқа бөлінеді:

- 1) әскери қару-жарақ, құрал-жабдықтарға қатысты сөздер;
- 2) әскери атақ, кәсіби бейімділікті білдіретін сөздер;
- 3) әскери іс-әрекет, пәрмендер атаулары [7, 11 б.].

Бұл еңбекте әскери қару-жарақ, құрал-жабдықтарға әскери техника атауларын біріктірген және әскери іс-әрекет, бұйрықтарды жеке топтаған. Қазіргі кезде әскери сала өте дамыған. Олардың бәрін тек осы үш немесе төрт топқа ғана бөлу мүмкін емес. Оларды атқаратын қызмет салалары мен білдіретін мағынасына байланысты топтау, ғылыми тұжырымдар жасау әлі де қажет.

Біз әскери терминдердің зерттелуін сараладық. Сол арқылы тақырыптың зерттелу деңгейін, қай аспект бойынша зерттелгені жайында түйін жасадық. Зерттеулерде әскери терминдер туралы түрлі тұжырымдар жасалған. Бұл тақырыпта жазылған алғашқы еңбектер қатарында Л. Л. Нелюбин әскери терминді лингвистикалық тұрғыдан нақты білдіру үшін құрылған немесе алынған арнайы тілдің сөзі немесе тіркесі ретінде анықтайды.

Әскери терминологияның зерттелуіне шолу жасай отырып байқағанымыз көпшілік ғалымдардың оны ғылыми-техникалық термин есебінде көретіні. Алайда зерттеуші С. И. Парпаров әскери терминді әскери істе белгілі бір ұғымдарға қатысты қолданылатын сөз немесе атауыштық сөз тіркесі екенін және әскери термин ғылыми-техникалық терминдермен салыстырғанда ерекше екенін атап өтеді [8].

Н. Б. Ветлов: «Әскери терминология дегеніміз – Қарулы Күштердің стратегиялық пайдаланылуын, жалпы соғыс түрлері мен тектерін, сондай-ақ бірлестіктердің, құрамалардың, бөлімдердің, бөлімшелердің оларды ұйымдастырумен, қару-жарақпен және техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілуін тілдік тұрғыдан көрсететін әскери терминдерінің реттелген жиынтығы» дейді [9, 30 б.].

Бұл анықтамалар әскери терминдердің белгілі бір жүйесін білдіреді. Мысалы, әскери қару-жарақтың атаулары, әскери атақтар, әскери бөлімдер, олардың атаулары, әскери іс-қимылдар, бұйрықтар, әскери киім мен түрлі жабдықтардың атаулары және т.б. Олардың барлығы белгілі бір жүйе бойынша сөздіктерде келтірілген. Осылай жеке-жеке жіктеліп берілген ғылыми мақалалар да бар. Бұл әскери терминдер терминологияның басқа салалары сияқты жүйелі лингвистикалық құбылыс екенін білдіреді.

Әскери терминдерді анықтау, оларға тән ерекшеліктер мен лексика-грамматикалық құрамы туралы Н. Р. Шеңгелбаеваның «Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі» атты диссертациялық зерттеуінде терең талданған [10]. Осы зерттеуде әскери терминдер білдіретін мағынасымен қатар құрылымдық тұрғыдан да өте тұрақты екендігі дәлелденеді. Мәселен, *аға сержант*, *кіші сержант* дегендердегі аға мен кіші сөздері тек сержант деген сөзбен тіркескенде ғана әскери терминдік мағына береді. Егер *сержант* сөзін терминнің құрамынан алып тастап, құрамын өзгертсек, онда *аға*, *кіші* сөздері әскери терминдік мәнін жояды.

Әскери терминдердің негізгі белгілерінің бірі – бір мағыналық. Бұл – термин атаулының барлығына тән сипат. Егер бірнеше мағынаны білдіретін болса, сөз термин ретінде сараланып алынбаған болар еді. Мәселен *аға* сөзі жеке тұрғанда мүлде басқа мағынаны білдіреді. *Сержант* сөзі жеке тұрғанда да әскери термин бола алады. Ол туыстық атауды білдіретін *аға* сөзімен тіркесіп, аналитикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы *аға сержант* терминін жасаған. Туыстық қатынаста қолданылатын *аға* өзіңнен үлкен, құрметке лайық. *Ағаны* кішілері сыйлайды, айтқанын орындайды. Туыстық атау мен әскери атақтағы аға сөздерінің арасында мағыналық жақындық бар. *Аға сержант* сержант атағының ішіндегі ең жоғарғысы және оның айтқанын, берген бұйрығын өзінен төмен шенділер сөзсіз орындайды. *Аға сержант* әскери терминологияда бір ғана мағынаны білдіріп, терминге қойылатын талаптардың үддесінен шыққан. Әскери терминология жүйесінде *аға сержант*, *кіші сержант* басқа мағынада қолданылмайды. Бұл – әскери терминдердің өзіндік бір белгісі.

Терминдер бейтарапты болып келеді. Олар белгілі бір салаға байланысты ғылыми және қызметтік ұғымдар болғандықтан, адамның сезіміне әсер етпейді. Оларда эмоционалды-экспрессивтік қасиет жоқ. Бейтарапты

дейтініміз де содан. «Термин мәселесінде біраз пікірталас туғызып жүрген мәселе – терминнің стильдік ерекшелікке бейтараптығы, яғни эмоционалды-экспрессивті мәнді білдірмеуі. Әскери терминдер – әскери іс, әскери сала, әскери оқу орындары сияқты қолданылу ортасы бар терминдер. Осы ортада олар стильге бейтарап, басқа ортада әскери терминдер стильдік реңк беруі мүмкін, бірақ олардың әскери терминге қатысы жоқ» [10, 12 б.].

Терминнің келесі белгісі – оның анықтамасының болуы, ол әскери терминдерге де қатысты. Әрбір әскери өзіндік анықтамасы, мағынасы бар. Жоғарыда оның басқа мағынада қолданылмайтынын айттық. Мағынасы айқын болғандықтан да, ол басқа мағынада қолданылмайды. Термин анықтамасының болу белгісі терминге тән бір мағыналық белгісін күшейте түседі. Терминдер анықтамасының болуы әскери терминдер үшін өте маңызды. Берілген анықтамасы оның мағынасын ашып, түсінікті етіп тұрады. Әскери ортада семантикалық түсініксіздік болмауы керек. Бір терминнің бірнеше мағынасының болуы әскерде үлкен қателікке әкеледі.

Терминдердің бір мағыналық белгісімен ұштасып жатқан келесі бір белгісі – дәлдік белгісі. Жауынгерлік бұйрықты беруші мен оны орындаушы берілген бұйрықтың нақты мағынасын, мәнін түсінгенде ғана іс нәтижелі болады. Бұйрық дәл және орындаушыға жетерліктей түсінікті түрде берілуі керек.

Терминге қойылатын бірқатар талаптарда лингвистер негізгі принцип ретінде оның қысқалығы мен нақтылығын ұстанады. Бірақ бұл принцип әрдайым қолданыла бермейді. Әсіресе әскери терминологияда қысқа және ықшам терминдерді ғана құру мүмкін болмай жатады. Мұны төменде мысал ретінде берілген әскери терминдерге қарап растауға болады. Мәселен, әскери салада *гарнизондық және қарауыл қызметінің жарғысы, соғыс өнерінің техникасы, жарықшақты қол гранатасы, екі қанаттан жүргізілетін атыс, жаппай қырып-жоятын қарудан сақтану* және т.б. бірнеше сөздің тіркесімен жасалған терминдер бар. Берілген терминдер үш, төрт, бес құрамнан тұрады. Әскери салада көп құрамды терминдер баршылық. Мұндай терминдердің барлық компоненттері терминнің мазмұнына байланысты. Мұны әскери терминдердің түсіндірме сөздігіндегі жоғарыда аталған терминдердің түсініктемелерінен байқауға болады.

Әскери терминдердің сөзжасамы туралы айтқан ғалымдар оның қалыптасуы қазақ тіліндегі сөздерді қалыптастырудың негізгі тәсілдерімен қатар жүретінін, жаңа әскери терминдер ғылым мен техниканың басқа салаларынан да, басқа тілдерден енген сөздер негізінде де, сөздердің тіркесуі арқылы да жаңа әскери терминдер жасалатынын дәлелдеген. Мәселен, қазіргі әскери салада қолданылып жүрген *авиапилот, бронетранспортер, авиапулемет кірме сөздерден, соғыс өнерінің техникасы, ішкі қызмет*

жарғысы, сапқа тұру, алдыңғы шеп төл сөздерімізден, сонымен қатар аралас сөздердің тіркесуінен де жасалады. *Әскери инженерлік іс* бірінші сыңары –қазақ, екінші –сыңары кірме, үшінші сыңары –қазақ.

Лингвистикалық зерттеулердің жетекші салаларының бірі қазіргі тілдердегі терминологияның өсіп келе жатқан рөлінен туындаған арнайы лексиканы анықтау және талдау болып табылатыны белгілі. Ғылыми-техникалық білімнің тез өсуіне байланысты жаңа сөздердің көп бөлігі арнайы лексикадан тұрады (Казарина, 1998). Осыған байланысты терминдерді зерттеу проблемаларына да, жеке терминдердің жалпы әдеби тілмен өзара әрекеттесуіне ерекше назар аудару керек.

Әскери терминдерге тән ерекшеліктер:

- мағынасы мен құрамы тұрақты;
- тек бір мағынаны білдіреді;
- дәлдік белгісі, қысқа да ықшамды болуы;
- сөзжасам заңдылықтары бойынша жасалуы.

Бұл ерекшеліктер тек әскери терминдерге ғана емес, термин атаулының бәріне ортақ тұжырымдар.

Әскери терминдер – бұл нақты ұғымдарды дәл білдіруге арналған және әскери білім мен ғылым саласында лингвистикалық тұрғыдан қолданылатын арнайы тілдік қолданыстар. Олар түрлі құрамда жұмсалып, әскери салаға қатысты ұғымдарды білдіреді. Әскери термин тиісті әскери тұжырымдаманы білдіретін жалғыз құрал емес. Ол үнемі осы тұжырымдамамен байланысты немесе бекітіледі, тұжырымдаманы анықтаудың мүмкін нұсқаларының бірі ретінде, сондай-ақ кәсіби салада жалпы қабылданған нұсқа ретінде қолданылады. Терминдер жүйесі талданған ұғымдар жүйесінің барабар көрінісі болып табылады, өйткені ұғымдар жүйесі белгілі бір білім немесе қызмет саласының логикалық моделі, ал терминология жүйесі осы саланың тілдік моделі болып табылады.

«Термин» ұғымы сияқты, «термин жүйесі» ұғымына бүгінгі күні толық та жан-жақты анықтама берілген емес. Алайда зерттеушілердің барлығы дерлік терминдік жүйе жасанды форма деген пікірмен келіседі және оның негізгі белгісі ретінде тиісті білім саласының теориясына сәйкес келетіндігі. Осылайша, терминдік жүйе – арнайы білім және қызмет саласының тілдік моделі. Сондықтан әскери терминология – бұл тиісті әскери ұғымдар номинациясының бірлігі ретінде жүйелі түрде ұйымдастырылған терминдер жиынтығы немесе жүйесі дейміз.

Әскери терминдерді зерттеушілер терминге қойылатын талаптарды үш бағытта зерттеу қажет деп санайды:

- семантикалық;
- синтаксистік;

- прагматикалық.

Терминнің пайда болуына қойылатын талаптар, яғни оның формасымен, терминнің мағынасымен және терминді қолдану ерекшелігімен анықталатын талаптар. Терминнің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар – терминнің дәйектілігі, бірегейлігі, семантикасының тұтастығы және синонимдердің болмауы.

Жүйелілік дегеніміз терминнің лексикалық бірлік ретіндегі мағынасының және алынған мағынаның сәйкес келуін білдіреді. Әскери терминологияда лексикалық және терминологиялық мағыналардың толық сәйкес келуінің, ішінара және толық сәйкес келмеуінің бірнеше мысалдары бар. Мысалы, операция деген термин «хирургиялық араласу» деген лексикалық мағынаға ие, бірақ әскери терминологияда «бір мақсатпен біріктірілген әскери әрекеттер жиынтығы» дегенді білдіреді. Қазір медицинадағы операция терминін қазақшалап, ота деп атау қабылданған.

Терминнің бірегейлігі белгілі бір мағынада белгілі бір білім саласында «бір терминология аясында» бір мағынада қолдануды білдіреді. Әрине, бұл терминнің негізгі шарттарының бірі. Терминдердің кез келген жүйесінде көп мағыналы терминдер бар, мәселен, әскери терминдер жүйесінде әскери атақтарды *капитан*, *майор*, *генерал-майор* деп әскери қызметшінің атқаратын лауазымына сәйкес жағдайын анықтайтын дәреже ретінде және жалпы белгілі бір атағы бар адам ретінде анықтайды.

Терминнің формасына әдетте әдеби тіл нормаларына сәйкестік, нақтылық талаптары қойылады. Тілдің фонетикалық және грамматикалық нормаларынан ауытқымай, тілдің әдеби нормаларына бағындыруды білдіреді.

Қорытынды

Белгілі бір саланың терминологиясын зерттеуге назар аударатын отырып, бүкіл терминологияға тән кейбір процестерді байқауға болады. Сондықтан қазақ әскери терминологиясын кешенді анықтау тәжірибесін осы терминологияны әртүрлі тілдерде әрі қарай зерттеу және басқа салалардың терминологиясын зерделеу үшін пайдалануға болады. Терминологияны зерттеу бойынша жұмыс, шын мәнінде, үздіксіз, үнемі жұмыс істейтін процесс екенін атап өткеніміз дұрыс. Ал әр кезеңде жасалған сөздіктер нақты кезеңдерге байланысты терминологияның сипатын көрсетеді.

Әскери терминология жүйесі – бұл әдеби тіл лексикасының ішкі жүйесі және тұтастай алғанда, әдеби тілдің басқа ішкі жүйелеріне ұқсас толықтырылады. Әскери терминдер көптеген ғылыми салалармен тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі терминнің қалыптасу мәселесі сөзжасамның жалпы проблемасының бөлігі болып табылады, өйткені терминнің қалыптасуы сөзжасамға негізделген.

Қазақ тіліндегі әскери терминдерді сөзжасамдық, лексика-грамматикалық және құрылымдық тұрғыдан зерттеу лингвистика үшін қажет. Себебі тәуелсіз Қазақстан жаһандану үдерісіне байланысты түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Еліміздің айбыны мен мақтанышы саналатын қарулы күштеріміз отыз жылдың ішінде үлкен өзгеріске түсті. Осы өзгерістердің тілдік сипаты туралы ғылыми тұжырымдар жасалды.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Kip Selahaddin, A.** Askerî kamus [Текст]. – İst., 1939; Karakuzu. S. H. Askerî terimler [Текст]. – İst., 1955.
- 2 **Бочкарев, Л. П.** Краткий турецко-русский военный словарь [Текст]. – М., 1956. – 124 с.
- 3 **Хохлов, Б. М.** Турецко-русский военный словарь [Текст]. – М., 1969. – 234 с.
- 4 **Гордлевский, В. А.** Избранные сочинения: в 2 т. – М.: Издательство восточной литературы [Текст]. 1960. – Т. 1. – 552 с.
- 5 **Байжанов, Т. Б.** Военная лексика в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук / [Текст]. – Алма-Ата, 1973. – 30 с.
- 6 **Байжанов, Т.** Қазақ тіліндегі әскери лексика [Текст]. – Алматы, 1991
- 7 **Қожағұлова, Қ.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалымы [Текст]. – Алматы, 2006.
- 8 **Парпаров, Л. Ф., Артемова, А. П., Азарх, Л. С.** Немецко-русский военный словарь [Текст]. / Под ред. Л.Ф. Парпарова. – М.: Воениздат, 1978. – 1192 с.
- 9 **Ветлов, Н. П.** Теоретические основы терминологического минимума по специальным видам перевода (на материале немецкого языка) [Текст]. // Дис. канд. филол. наук. – М., 1968. – 268 с.
- 10 **Шенгелбаева, Н. Р.** Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореф. [Текст]. – Алматы, 2009. – 30 б.

References

- 1 **Kip Selahaddin, A.** Askerî kamus [Text]. – İst., 1939; Karakuzu. S. H. Askerî terimler [Military public] [Text]. – İst., 1955.
- 2 **Bochkarev, L. P.** Kratkı tŷretsko-rŷsskı voennyı slovar [A short turkish-russian military dictionary] [Text]. – М., 1956. – 124 p.
- 3 **Hohlov, B. M.** Tŷretsko-rŷsskı voennyı slovar [Turkish-russian military dictionary] [Tekst]. – М., 1969. – 234 p

4 **Gordlevskii, V. A.** Izbrannye sochineniia: v 2 t. Gordlevskii, V. A. – M.: Izdatelstvo vostochnoi literatúry [Selected works: in 2 volumes] [Text]. 1960. – Т. 1. – 552 p.

5 **Baijanov, T. B.** Voennaiia leksika v kazahskom iazyke: avtoref. dis. ... kand. filol. naýk / [Military vocabulary in the kazakh language: abstract. dissertations] [Text]. – Alma-Ata, 1973. – 30 p.

6 **Baijanov, T.** Qazaq tilindegi áskerii leksika [Military vocabulary in the kazakh language] [Text]. – Almaty, 1991

7 **Qojaǵulova, Q.** Qazaq jáne aǵylshyn tilderindegi diplomatiualyq terminderdiń jasalymy [Creation of diplomatic terms in kazakh and english languages] [Text]. – Almaty, 2006.

8 **Parparov, L. F., Artemova, A. P., Azarh, L. S.** Nemetsko-rýsskii voennyi slovar [German-russian military dictionary] [Text]./ Pod red. L.F. Parparova. – M.: Voenizdat, 1978. – 1192 p.

9 **Vetlov, N. P.** Teoreticheskie osnovy terminologicheskogo minimuma po spetsialnym vidam perevoda (na materiale nemetskogo iazyka) [Theoretical foundations of the terminological minimum for special types of translation (based on the material of the german language)] [Text]. // Dis. .kand.filol.naýk. – M., 1968. – 268 p.

10 **Sheńgelbaeva, N. R.** Qazaq tilindegi áskerii terminderdiń sózjasam júesi. Filologiya ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daiyndalǵan dissertatsiuanıyń avtoref. [The word-formation system of military terms in the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 2009. – 30 p.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

Б. М. Кадырова¹, Н. Б. Ағалиева², Р. О. Жуманбаева³

^{1,3}Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ВОЕННЫХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье рассматривается лингвистический аспект военных терминов в казахском языке. По сравнению с другими отраслями терминологии, военная терминология, имеющая свой уникальный состав и структуру, является одной из актуальных тем современного казахского языкознания. Военные термины – это специальные

лингвистические употребления, используемые в области военного образования и науки для точного выражения специальных понятий с лингвистической точки зрения.

Необходимо изучить военные термины, охватывающие большую площадь казахской лексики, и сделать научные выводы с лингвистической точки зрения. Ведь известно, что военные термины входят в постоянно пополняющуюся часть казахского лексикона. При рассмотрении лингвистического аспекта казахских военных терминов сделан обзор истории их исследования. Выделяется вклад первых словарей, изданных с XIX века, и научных исследований, написанных позже, в формирование области военной терминологии. Военные термины в казахском языке анализируются со структурно-семантической точки зрения, а также то, что военные термины делятся на однокомпонентные и многокомпонентные, причем количество многокомпонентных терминов больше, чем количество однокомпонентных. Представлены составные термины, что доказывается примерами, основанными на научных исследованиях.

Рассмотрено словообразование военных терминов в казахском языке и тот факт, что военные термины непрерывно развиваются на основе различных способов терминообразования, определяет активность синтаксического метода в образовании военных терминов.

Ключевые слова: изучение военных терминов, военный термин, структура военных терминов, военная терминология, терминообразование.

*B. M. Kadyrova*¹, *N. B. Agaliyeva*², *R. O. Zhumanbayeva*³

^{1,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²Pavlodar State Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

LINGUISTIC ASPECT OF MILITARY TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

The article deals with the linguistic aspect of military terms in the Kazakh language. By comparison with other branches of terminology, military terminology, which has its own unique composition and structure. And it is one of the topical topics of modern Kazakh linguistics. Military terms are special linguistic usages used in the field of military education and science to accurately express special concepts from a linguistic point of view.

It is necessary to study military terms covering a large area of the Kazakh vocabulary and draw scientific conclusions from a linguistic point of view. After all, it is known that military terms are included in the constantly replenishing part of the Kazakh lexicon. When considering the linguistic aspect of Kazakh military terms, an overview of the history of their research is made. The contribution of the first dictionaries published since the XIX century and scientific research written later to the formation of the field of military terminology is highlighted.

Military terms in the Kazakh language are analyzed from a structural and semantic point of view, as well as the fact that military terms are divided into single-component and multicomponent, and the number of multicomponent terms is greater than the number of single-component ones. Compound terms, proved by examples based on scientific research.

The word formation of military terms in the Kazakh language and the fact that military terms are continuously developing on the basis of various ways of term formation are considered, the activity of the syntactic method in the formation of military terms is determined.

Keywords: study of military terms, military term, structure of military terms, military terminology, terminology.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz